



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**БҰҰ-МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

Мусаева Аружан Жанатқызы

Aruzhan_musaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-21 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Андатпа. Мақалада Әлемдегі ең өзекті экологиялық проблемалар, озон қабатының бұзылуы, климаттың өзгеруі, халықтың табиғи өсу көрсеткіш деректері, Монреаль хаттамасы және де Вена конвенциясы.

Аннотация: В этой статье изучаются глобальные проблемы всего мира, Монреальский протокол, Венская конвенция, разрушение озонового слоя, изменение климата.

Түйін сөз: Экология, қоршаған орта, климат, озон, Вена конвенциясы, Киото хатамасы.

Ключевые слова: Экология, окружающая среда, климат, озоновый слой, Венская конвенция, Киотский протокол.

Қазіргі кезде экология проблемасы өте өзекті мәселелерді бірі болып қалып отыр. Ғаламдық экологиялық проблемалар - ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық проблемалар. Олар тек қана барлық елдердің қатысуымен, БҰҰ-ның басқаруымен шешілуі мүмкін. Қазіргі кезде жердің барлық: атмосфера, гидросфера, литосфера қабаттарының бәрі ластанған. Суды уақытында қорғап, үнемді, тиімді пайдалану, оның қажеттілігі мен қолдану мүмкіншіліктерін арттырады. Қоршаған орта – бұл адам мен басқа тірі организмнің айналасындағы физикалық, биологиялық, географиялық, саяси нысандарды анықтайтын өмір кешені.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы. Климаттың жаһандық деңгейде өзгеру мәселесі барлық әлемдік державалардың және ірі халықаралық ұйымдардың күнтізбесінде отыз жыл-дан астам уақыт бойы елеулі орындарда тұр. Біздің еліміз де осы шаралардан тыс қалып отырған жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының Киото хаттамасына «Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгерісі туралы шектеулі конвенциясының Киото хаттамасына Қазақстан Республикасының қол қоюы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 12 наурыздағы Жарлығымен қол қойылды, сондай-ақ, ол «Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 26 наурыздағы заңымен ратификацияланды[1]. Осылайша Қазақстан әлемдегі ең танымал экологиялық уағдаластықтарға қосылды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 62 сессиясында «Бүгінде әлемдік қоғамдастық үшін жаһандық энергетикалық дағдарыстың тереңдеуі және планетада қолайсыз климаттық өзгерістер қатерінің өсе түсуі аса өткір проблемалар болып табылады. Біз бұл проблемаларға «8 тобы» және АТЭҚ басшыларының алаңдаушылық білдіруін бөлісеміз. БҰҰ аясында Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияны әзірлеп, оны 2012 жылғы Тұрақты даму жөніндегі Бүкіләлемдік саммитте талқылау орынды болар еді», деп атап көрсеткен болатын. Қазақстан Республикасының Париж саммитіне мұқият әзірленуі мақсатында «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасының қарашада Астанада өткен форумында «Париждегі тараптар кездесуіне Қазақстанның міндеттемелері», «БҰҰ РКИК – WWF/UNEP тараптарының Париж кездесуінен күтетін нәтижелері, міндеттері мен мақсаттары» атты тақырыптар қарастырылды. «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы шеңберінде өткізілген форум нәтижесінде Энергетика министрлігі Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы ретінде Париж саммитіне бірқатар ұсыныстар әзірледі. Біздің еліміздің

өкілдері БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының іс-шараларына белсенді түрде қатысады, сондай-ақ, біз қазақстандық идеялар халықаралық қолдауға ие болады деп үміттенеміз. Жаңа климаттық келісім индустриялық кезеңмен салыстырғанда мүше-мемлекеттердің температураның өсуін 2°C деңгейінде ұстап тұруын көздейтін жаһандық мақсатты қарастыруы тиіс деп жоспарлануда. Ол көрсеткішке қол жеткізу үшін барлық мемлекеттер Париж келісімінің құрамдас бөлігі ретінде INDC (intended nationally determined contribution), яғни парниктік газдардың шығарындыларын азайту бойынша міндеттемелерін ұсынулары тиіс [2].

Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясы және оны бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы. Озон қабаты (гр. Ozon – аңқығыш және sphaera - шар), озонның жоғары концентрациясымен ерекшеленетін стратосфералық (биіктігі 10 – 50 км) қабат. Атмосферадағы озонның ең көп концентрациясы 20-25 км биіктікте болады, мұнда озонның тығыздығы жер бетіне қарағанда 10 есе көп. Озон оттегінің Күн радиациясының қысқа толқынды ультракүлгін бөлшектерін сіңіруінен пайда болады. Озон қабатының басты қызметі - күн сәулесіндегі зиянды ультра-күлгін сәулелерді жер бетіне жібермей, өзінің бойына сіңіріп ұстап қалу. Осылайша жер бетіндегі тіршілік иелері күннің кері әсерлерінен қорғалады. Озон тесігі Егер атмосферадағы озон қабатының белгілі бір аймағындағы озонның дефициттік мөлшері 30%-дан асса, онда ол жерде Озон тесігі бар деп саналады. Озон мөлшерінің көп болуы көктем айларына, аздауы күз айларына сәйкес келеді. Озон қабатының жер бетіндегі тіршілік үшін маңызы зор. Ультракүлгін сәулелерді жер бетіне жеткізбей, сәулеленудің алдын алады. Оның зардабы мутация өзгерістермен байланысты. Қазақстан Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясына және Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына 1998 жылы қосылған болатын. Бұл құжатқа қосыла отырып, Қазақстан қаржы ресурстарына және озық елдердің озонды бұзатын заттарды тұтыну деңгейін қысқарту мен озон қабаты бұзылуының, оның халық өміріне әсер етуінің ықтимал қатерін болғызбау саласындағы тәжірибесіне қол жеткізетін болады. Жалпы алғанда, Озон қабатына жүргізілген бақылаулар оның бұзылу қаупінің ұлғайғанын делелдеген. Сондықтан да озонды бұзатын заттардың қосымша тізімін реттеу туралы шешім Монреаль хаттамасымен енгізілген болатын. Ал бүгінгі қарастырылып отырған Монреаль хаттамасына Копенгаген түзетуі 1992 жылы 23-25 қарашада қабылданды. Онда гидрохлорфторкөміртектен мен гидробромфторкөміртектен, сондай-ақ бромды метилдің қосымша тізімін реттеу шаралары айқындалады. 1997 жылғы 15-17 қыркүйекте қабылданған түзету озонды бұзатын заттардың импорты мен экспортын лицензиялау жүйесін орнатуға қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл ретте Монреаль түзетуі Копенгаген түзетуінің тараптары болып табылмайтын елдерге бромды метилдің импорты мен экспортына саудасаттыққа тыйым салуды да енгізеді [3].

Озон қабатын қорғау шаралары алғаш рет озон қабатындағы зиянды заттардың табылғандығы жайлы мәлім болғаннан бері қолға алынып келеді. Бірақ алғашқы кезде белсенді түрде жұмстар жасалынбады. 1985 жылы озон тесігі табылған кезден бастап озон қабатын қорғау мәселесі әлемдік қауымдастықта басымдыққа ие болды. «Озон қабатын қорғау туралы» Вена конвенциясы 1985 жылы 22 наурызда «Озон қабатын қорғау туралы» Вена конвенциясы 1985 жылы 22 наурызда «Озон қабатын қорғау туралы» Вена конвенциясы қабылданды. Қатысушы елдер жүйелі және негізгі зертеулер жүргізу мен озон қабатын қорғау үшін озонды құртатын зиянды заттарды қадағалау жайлы келісімге келді. «Озон қабатын құртатын заттар жайындағы» Монреаль протоколы 1987 жылы 16 қыркүйекте «Озон қабатын құртатын заттар жайындағы» Монреаль протоколы қабылданды. Протоколға кейіннен жаңадан өзгерістер енгізіліп отырды. Осы протоколдың арқасында 2050 жылға дейінгі озонқабатын қорғау іс-шаралары пысықталды. Монреаль протоколынан кейін өндірістік технология саласында біраз өзгерістер болып, 1986 жылы әлемдегі Хлор-фтор-карбонды органикалық қосылысының мөлшері 1 100 000 тонна болған болса, 2001 жылы бұл көрсеткіш небары 110 000 тоннаға жеткен. Қазіргі кезде атмосфераның төменгі қабатындағы озонды жоятын улы заттардың мөлшері азайып келеді.

Вена конвенциясы. Озон қабатын қорғау жөніндегі өкілдер конференциясын Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы орта жөніндегі Бағдарламасының (ЮНЕП) атқарушы-директоры ЮНЕП Басқарушыларының кеңесі 1984 жылғы 28 мамырда қабылданған 12/14 шешімінің 1 бөлімінің 4 тармағын атқару мақсатында шақырған болатын. Конференция 1985 жылғы 18-22 наурызда Венаның халықаралықорталығында, Вена, Австрия Республикасы үкіметінің тарапынанкөрсетілген қолдау арқылы өтті. Конференцияға барлық мемлекеттер шақырылды. Конференцияның ашылу рәсімінің барысында қатысудың алдында Австрия Республикасы үкіметінің атынан федералдық денсаулық сақтау және айналадағы ортаны қоршау министрі д-р Курт Штейрер құттықтау сөз сөйледі. Конференцияны ресми түрде ЮНЕП-тің атқарушы директоры, конференцияның бас хатшысы міндетін орындаушы д-р Мұстафа К. Толба ашты, ал Атқарушы хатшы болып Джерри О,Делл мырза тағайындалды. Конференция Төраға етіп бір ауыздан Вифрид Ланге мырзаны(Австрия) сайлады [4].

Монреаль хаттамасы. Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы 1987 жылы 16 қыркүйекте қабылданды. Айналадағы қоршаған орта мен адамның денсаулығы үшін жағымсыз зардабы бар, озон қабатын бұзатын заттардың дүние жүзі көлеміндегі шығуы озон қабатын едәуір дәрежеде әлсіретеді. Қазақстан Монреаль хаттамасына 1997 жылы қосылды. Хаттамаға Бейжің түзетуі 1999 жылы 3 желтоқсанда енгізілді. Түзетумен Монреаль хаттамасының мүшесі болып табылмайтын кез келген мемлекетке гидрохлорфторкөміртекті экспорттауға немесе импорттауға тыйым салу белгіленеді. Сонымен қатар, хаттамаға мүше мемлекеттер гидрохлорфторкөміртегі өндірісін реттеудің қосымша шараларын енгізеді. Монреаль хаттамасы реттейтін ХФУ өндірісімен тұтынуды неғұрлым тез 2000-жылдан кешіктірмей кезек бойынша қысқартуға және осы мақсатта Монреаль хаттамасында келісілген кестені дамушы елдердің ерекше жағдайларын ескере отырып қатайтуға келісті. Озонның бұзылуына едауір әсер ететін галондарды, тағы басқа озон бұзатын заттардың өндірісі мен қысқартылуы мүмкін болғанда оны кезеңмен жүргізуді қамтамасыз етуге келісті. Химиялық заттар мен өнімдердің жеке технологиялардың экологиялық қолайлы айырбастағыштарын жасауды тездетуге, өздерінің қаржылары мен ресурстарына сай өнімдердің жеке технологиялардың экологиялық қолайлы айырбастағыштарын жасауды тездетуге, өздерінің қаржыларын мен ресурстарына сай жүргізуге өздеріне міндеттеме алуға келісті [5].

БҰҰ- ның халықтың табиғи өсу көрсеткіш деректері. Жер шарында адам санының өсуі шикізатты пайдалану мөлшерінің артуына, қоршаған табиғи ортаның жай – күйіне елеулі түрде ықпал етеді. Демографиялық даму ұйымына халық санының артуы ғана емес, урбандалу, босқындар проблемасы және ұлттар арасындағы қарым – қатынастар тәрізді сан – салалы мәселелер енеді. Сондықтан ғаламдық демографиялық проблеманы демография, экономика және саясаттың өзара күрделі байланыстары тұрғысынан талдап, қарастыру қажет.

Қазіргі кезде Жер шарында 6,8 млрд – тан астам халық тұрады. Халық саны өсуініңқазіргі қарқыны сақталса, дүниежүзі халқының саны 49 жылдан соң екі есеге ұлғаяды. Жалпы алғанда, тарихи кезеңдерде дүниежүзі халқының екі еселенуі үшін қажет уақыт барған сайын қысқарып келеді. Бұл құбылыс алғаш рет 1500 жылы байқалса, екінші рет 300 жылдан соң (1800 ж.), үшіншірет 100 жылдан соң(1900 ж.), ал төртінші рет 85 жылдан соң (1985 ж.) Қайталанып отырған.

Демографиялық проблемалар

Кесте 1

| | | |
|--------|--|---|
| Ішкі | <p>S</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Экономиканың өсуі 2.Индустрияландыру 3.Еңбекке жарамды халық | <p>W</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Жер ресурстарының азаюы 2.Халықтың тығыз орналасуы 3.Экологиялық проблемалар |
| Сыртқы | <p>O</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Аурулар(эпидемия,жұқпалы аурулар) 2.Ауру балалардың туылуы 3.Соғыс | <p>T</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Көп балаға қарсы қалыптасқан психологиялық барьерді жою 2.Жүкті әйелдерге жағдай жасау 3.Өмір деңгейін арттыру 4.Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану. |

Дамушы елдерде халық санының екі есеге артуы тіптен аз уақыт керек. Мысалы, Африка халқы 29 жылдан соң, Латын Америкасы халқы 39 жылдан соң, Оман халқы 18 жылдан соң, Чад халқы 20 жылдан соң екі еселенсе, жалпы Еуропа үшін бұл үрдіске 500 жыл, Испанияға 6931 жыл қажет болар еді. Дамушы елдер мен дамыған елдер халқының арасалмағы ХХ ғасырдың 50 – жылдарында 1:2 болса, 1985 жылы 1:3; 2014 жылдың ортасында 1:4,8 болды.

Халық санынң әсіресе дамушы елдерде өте жоғары қарқынмен өсуі және басына шаққандағы өңделетін жер аумағының азаюына және азық – түлік тапшылығына себепші болады. Мешеу елдердің даму мүмкіндіктері шектеліп, халықтың тұрмыс деңгейі төмендейді. Сонымен қатар халық тығыз орналасқан елдерде қоршаған ортаның жай – күйі нашарлайды; саяси тұрақсыздық байқалады. Дамушы елдерде демографиялық проблеманың шиеленісуін қайыршылыққа апаратын төте жол деуге болады.

БҰҰ деректеріне қарағанда, дүниежүзіндегі дамыған 20 елде халықтың табиғи өсуін арттыруда қолдайтын саят жүргізілсе, 85 дамуша елде халық санының осуін тежеуге бағытталған демографиялық саясат жүзеге асырылуда. Халықтың табиғи өсу көрсеткіштері әсіресе Африка мен Азияның дамушы елдерінде өте жоғары[6].

БҰҰ қазіргі ғаламдық экологиялық проблемаларды шешуге тырысып жүр. БҰҰ осындай жаһандық мәселелердің шешімімен айналысады: климаттың өзгеруі, озон қабатының жұқаруы, улы қалдықтар, ағаштардың азаюы және биологиялық түрлердің азаюы, сондай-ақ судың және ауаның ластануы. Осы уақытқа дейін біз бұл проблеманы шешпесек, тұрақты нарықтық және экономикалық шаруашылықты қамтамасыз ету мүмкін емес, өйткені экологиялық шығындар әкеледі, табиғи капиталдың сарқылауына әкеп соғады. Табиғат ресурстарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру үшін экономикалық критерийге негізделген кешенді тәсіл қажет. Жердің сұлулығы мен байлығын қорғауды жан-тәнімен жақтайтын адамдар мен табиғатты кешенді пайдалану идеясын өмірге енгізу мен айналысатын мамандардың арасында жер мен көктей айырмашылық бар.

Кезінде белгілі жазушы Л.Леонов: «Адам баласының алдында бүгінде бірінші кезектегі екі мәселе тұр: бейбітшілікті және табиғатты қорғау, екеуі де болашақ өмір сүрудің маңызды шарттары» деп өте орынды атап кеткен болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясының Киото хаттамасы – сайт: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000144_
2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы – сайт: <https://egemen.kz/2015/?P=10469>
3. Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясы және оны бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы – сайт: http://www.inform.kz/ru/ozon-kabatyn-buzatyn-zattar-zhonindegi-monreal-hattamasyna-engizilgen-tuzetuler-senat-otyrysyna-shygarylady_a2360358
4. Вена конвенциясы – сайт: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000177_
5. Монреаль хаттамасы – сайт: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000176_
6. БҰҰ-ның халықтың табиғи өсу көрсеткіш деректері – География: Дүниежүзіне аймақтық шолу. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану – математика бағытындағы 11 – сыныбына арналған оқулық / Ә. Бейсенова, К. Қаймулдинова, С. Әбілмәжінова, Ж. Достай. – Өңд., толықт., 3 – бас. – Алматы: Мектеп, 2015 [327 – 329 б.].
7. Қоршаған орта- сайт: <http://www.un.org/ru/youthink/environment.shtml>